

**«ОАР-на бизнес-саяхат»
маркетингтік акцияның ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)**

«Оңтүстік Африка Республикасына бизнес-саяхат» акциясын (бұдан әрі – Акция) «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) (бұдан әрі – Банк) өткізеді. Акция 2026 жылғы 11 маусымнан 2026 жылғы 16 шілдеге дейін (Алматы уақыты бойынша 18:00-ге дейін қоса алғанда) өтеді.

Акцияға 2026 жылғы 11–13 маусым аралығында Алматы қаласында өтіп жатқан «New Vision Forum» форумының қатысушылары болып табылатын жеке тұлғалар* қатыса алады.

Мемлекеттік билік органдарының өкілдері, олардың жұбайлары мен жақын туыстары, сондай-ақ Банктің қызметкерлері мен үлестес тұлғалары Акцияға қатыспайды.

* 18 жасқа толған және Банк алдында мерзімі өткен берешегі жоқ тұлғалар.

Акцияға қатысу тәртібі

Акцияға қатысу үшін қатысушыларға төмендегілерді орындау қажет:

- Банк шығарған Mastercard Bereke Premium немесе Bereke Private Banking қолданыстағы дебеттік төлем картасының (бұдан әрі – Карта) болуы немесе 2026 жылғы 11 маусым мен 10 шілде аралығында Картаны рәсімдеу;
- Акция мерзімі ішінде Карта арқылы немесе Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay жүйелерін пайдаланып, тауарлар мен қызметтерге кемінде 200 000 (екі жүз мың) теңге көлемінде төлем жасау.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындаған Акция қатысушылары 2026 жылғы 07.08.2026 ж. – 15.08.2026 ж. аралығында Оңтүстік Африка Республикасына бизнес-саяхат ұтыс ойынына қатысады (бұдан әрі – Сыйлық).

Сыйлық құрамына не кіреді:
- Бір адамға арналған бизнес-саяхат сертификаты. Бизнес-саяхатты ұйымдастырушы – «Inclusive Development Foundation» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Серіктес);
- Кейптаун қаласына және кері әуе билеттері.
Бизнес-саяхаттың барлық егжей-тегжейлерін (мерзімділігі, тұру, тамақтану, визалық қолдау және өзге де шарттар) Серіктес айқындайды. Банк бизнес-саяхаттың ұйымдастырылуы мен егжей-тегжейлеріне байланысты Серіктестің әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауапты емес.
Банк Сыйлықтың құнын басқа нысанда (ақшалай қаражатпен, өзге тауарлармен, қызметтермен және т.б.) өтемейді, соның ішінде Акция жеңімпазы Сыйлықтан бас тартқан немесе оны алуға келмеген жағдайда да өтемақы төленбейді.
Сыйлық ақшаға айырбасталмайды, басқа акцияның сыйлығына алмастырылмайды және қайтаруға жатпайды (жоғалған немесе ұрланған жағдайда дубликат берілмейді). Сыйлықты алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.
Сыйлыққа Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жеке табыс салығымен салық салынады.

Ұтыс ойынын өткізу тәртібі:

Ұтыс ойынының Сыйлығы 2026 жылғы 20 шілдеде өткізіледі.

Ұтыс жеңімпазын анықтау Акция шарттарына сәйкес әрекеттерді орындаған барлық қатысушылар арасынан Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес

айқындалатын комиссияның қатысуымен жүзеге асырылады. Акцияға қатысу шарты ретінде әрбір 200 000 теңге үшін қатысушыға ұтыс ойынына қатысу үшін бір мүмкіндік беріледі.

Ұтыс процесі Банктің ресми парақшасында әлеуметтік желіде <https://www.instagram.com> тікелей эфирде көрсетіледі. Жеңімпаз Банк айқындаған бағдарламаны пайдалану арқылы кездейсоқ әдіспен анықталады. Сонымен қатар дәл осындай тәртіппен 2 (екі) резервтік жеңімпаз анықталады, олар Жеңімпаз қандай да бір себептермен Сыйлықты ала алмаған немесе одан бас тартқан жағдайда Сыйлықты алу құқығына ие болады. Комиссияның шешімі Акция қатысушылары мен Банк үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

Ұтыс өткізілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Банк Жеңімпазды Банкте бар деректемелер бойынша хабардар етеді. Егер Банк көрсетілген мерзім ішінде Жеңімпазбен байланыса алмаса, Сыйлықты алу құқығы резервтік жеңімпаздарға өтеді.

Акция Жеңімпазы Сыйлықты алу үшін Банк хабарламасында көрсетілген мерзімде Банктің бөлімшесіне өзі жеке жүгінуі тиіс.

Сыйлықты арудың міндетті шарттары:
- Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжаттың болуы, ол Сыйлықты алу күніне және Оңтүстік Африка Республикасына кіру мен болу күндеріне жарамды болуы тиіс;
-Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісім беру;
-Сыйлықты қабылдау-тапсыру актісіне қол қою.
Жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбау немесе ұсынудан бас тарту, сондай-ақ Жеңімпаздың (негізгі немесе резервтік) келісімге және/немесе сыйлықты қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюдан бас тартуы Банк тарапынан Жеңімпаздың Сыйлықтан бас тартуы ретінде қарастырылады және ол үшін Банк жауап бермейді. Уәкілетті органдардың Жеңімпазға виза беруден бас тартуы немесе Банкке тәуелсіз себептермен сапарға шығу мүмкін болмаған жағдайда, Сыйлық құқығы резервтік жеңімпазға өтеді. Мұндай жағдайда ақшалай өтемақы төленбейді.

Акция Жеңімпазының Сыйлық алуына байланысты салықтарды есептеу және төлеу міндеті Банкке жүктеледі.

Банк төмендегі жағдайларға жауапты емес:

1. Пошта жөнелтімдерін, Сыйлықты алу үшін қажетті мәліметтерді/құжаттарды қатысушылардың өз кінәсінен немесе байланыс ұйымдарының, курьерлік және пошта қызметтерінің кінәсінен немесе Банкке тәуелсіз өзге де себептер бойынша алмау/уақтылы алмау жағдайлары үшін;
2. Қатысушылардың Ережелерде көзделген міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы) немесе қатысушылардың Банктің сайтындағы Акция туралы ақпаратпен таныса алмауы үшін;
3. Акцияға қатысушылардың деректерінің, байланыс және өзге де ақпараттарының дұрыстығы, дәлдігі және шынайылығы үшін;
4. Акция Жеңімпазының Сыйлықты ала алмауы жағдайы үшін;
5. Қатысушылардың Акцияға қатысуына байланысты олардың өміріне, денсаулығына, моральдық және/немесе психикалық жарақаттарына қатысты;
6. Жеңімпаздың Оңтүстік Африка Республикасы аумағында болу кезеңінде оның денсаулығына (өміріне) және/немесе мүлкіне келтірілген кез келген зиян үшін.

Акцияның өзге шарттары:

Банк Акция шарттарын өзгертуге құқылы, бұл туралы қатысушыларға Банк сайтында <https://www.berekebank.kz> Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарлайды.

Қатысушылар Акция ережелерімен, соның ішінде оларға енгізілген өзгерістермен өз бетінше танысуға міндетті. Қатысушының Акция шарттарына сәйкес әрекеттерді жасауы оның Ережелердің жаңа редакциясымен келісетінін білдіреді.

Банк телекоммуникациялық және энергетикалық желілердегі ақаулар, зиянды бағдарламалардың әрекеттері, үшінші тұлғалардың адал емес әрекеттері салдарынан Акцияға қатысушылар алдындағы міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы үшін жауапты емес.

Банк форс-мажор жағдайлар туындаған кезде Акцияны өз қалауы бойынша, қатысушыларды алдын ала ескертусіз тоқтатуға немесе уақытша тоқтата тұруға құқылы.

Банк Акцияға қатысуға байланысты қатысушыларда туындауы мүмкін кез келген шығындарды, залалдарды және өзге де шығыстарды өтемейді.

Банк қатысушының әрекеттерін/әрекетсіздігін алаяқтық, адал емес немесе Акция шарттарын бұзатын деп таныған жағдайда, оны ескертусіз Акцияға қатысушылар қатарынан шығарып тастау құқығын өзіне қалдырады.